ӘОЖ 902; МҒТАР 03.41.91

М. Елеуов [1], С. Есен [2], А. Молдахмет [3✉], С.Шынар [4]
[1]Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]PhD, аға оқытушы, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
[3✉]PhD, оқытушы, Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
[4]PhD, Түрік тарихы мен мәдениеті қорының (TÜRKTAV) кеңесшісі, Стамбул, Түркия

Баласағұн арқылы өтіп Сарайшыққа жеткен керуен жолдар

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлық Қазақстан территориясында саяси-әлеуметтік тұрғыдан гүлденген қалалардың (Баласағұн (Ақтөбе), Исфиджаб, Яссы, Баршынкент, Сарайшық т.б.) қазіргі жай-күйі, экологиялық ахуалы, ескерткіштерде жүргізілген археологиялық зерттеулер және олардан алынған ғылыми нәтижелер, тарихи-топографиялық құрылымы, ерекшелігі, мерзімделу мәселелері жан-жақты қамтылды. Археология ғылымында кең түрде қолданылып жүрген модельдік заңдылықтарға сүйене отырып ортағасырлық Баласағұн және Сарайшық т.б. оның бойында орналасқан қалашықтар жүйесін байланыстыратын керуен жолдарын, жол бағыттарын, әлеуметтік-экономикалық қызметтерін әдіснамалық тұрғыда талданып, жан-жақты ашып көрсетілді. Зерттеудің талдау бөлімінде Шу-Талас өңіріндегі Тараз, Баласағұн, Сырдария-Қаратау алқабында орналасқан Түркістан, Сығанақ қалалары, сонымен қоса Үстірт және батыс Қазақстан аумағынан Сарайшық қалалық орталықтарының өзара байланысын қарастырып, Жібек жолының Қазақстан арқылы өткен керуен жолдарының ғылыми негіздемесі жазылады. Ғылыми негіздемені жазуда ландшафтық және кеңістіктік талдау тәсілдері қолданылды. Мақаланың геотарихи шекаралары, оңтүстік-шығыс жағынан Баласағұн қаласынан бастау ала отырып, батыс өңіріндегі Сарайшық қалашығы болып табылады. Бұл екі ескерткіштің мақалаға арқау болуының екі себебі бар: 1) Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды транзиттік бекет қызметін атқаруы; 2) Қазақстандық керуен жолдардың тоғысатын тоғыз жолдың торабында орналасуымен байланысты. Бұл мәселелер мақаланың нәтиже бөлімінде тарқатылып, жіктеледі. Мақаланың материалдық базасын топтауда отандық зерттеушілер: Ә.Х. Марғұлан, Л.Б. Ерзакович, К.М. Байпаков, С. Жолдасбаев, Т.В. Савельева, М. Елеуов, А. Нұржанов, Д. Талеев. Е. Ақымбек, Ә. Тажекеевтің еңбектері қолданылып, оның ішінде Ұлы Жібек жолының Қазақстан территориясы арқылы өткен керуен жолдары мен оның жүрген бағыттары, жалпы керуен жолдар тақырыбының қалыптасу тарихы, ортағасырлық ескерткіштердің қалалану үдерісі жөнінде, Жетісу, Шу-Талас, Сырдария-Қаратау өңірі, Үстірт шоққылары, Жайық жағысмен жүрген ортағасырлық жолдарға қатысты зерттеулер қарастырылады. Сонмен қатар Ұлы Жібек жолы тақырыбы төңіріегінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген шетелдік ғалымдар: П. Франкоппен, К. Като, Э.В. Ртвеладзенің еңбектерін негізге ала отырып, салыстырмалы-талдау жұмыстары жасалып, тұшымды нәтиежелер алынды.

Ең алдымен ортағасырлық Баласағұн және Сарайшық ескерткіштерінің арасын байланыстырған керуен жолдарының бағыттары яғни, Шу-Талас, Сырдария-Қаратау, Үстірт-Мұғалжар, Жайық-Сарайышық керуен жолдары деп жіктеліп, аталған керуен жолдарының пайда болуы мен даму тарихына қатысты ғылыми тұжырымдар мақала нәтижесінде ұсынылады. Шу өзені бойында орналасқан Баласағұн қалашығынан шыққан керуендер онан әрі Талас өзенінін жағалай Қаратауға, онан Сыр бойына, онан әрі Арал теңізін айналып өтіп көне Мұғалжар тау шатқалдарына, онан Үстірт бағыты арқылы Жайықты бойлай Сарайшық қалашығына жеткені және осы аралықта орналасқан белгілі тарихи ескерткіш нысандарының қазіргі экологиялық ахуалы жайында тың ақпараттар беріледі.

Кілт сөздер. Баласағұн, Сарайшық, Жібек жолы, асу, керуен, транзит, торап, арна, бағыт, қалалық мәдениет.

Караванные пути, проходившие через Баласагун и достигавшие Сарайчика

Аннотация. В статье подробно освещены современное состояние политически-социально благополучных городов (Баласагун (Актобе), Исфиджаб, Яссы, Баршинкент, Сарайшык и др.) На территории средневекового Казахстана, экологическая обстановка, археологические исследования памятников и полученные от них научные результаты, историко-топографическая структура, специфика, вопросы периодизации. Опираясь на модельные закономерности, широко используемые в археологической науке, средневековый Баласагун и Сарайшык и др. методологически проанализированы и всесторонне раскрыты караванные пути, маршруты, социально-экономические услуги, которые связываюли систему поселков, расположенных вдоль него. В аналитическом разделе исследования будет рассмотрено взаимосвязь между городами Туркестан, Сыганак, расположенными в Шу-Таласском регионе Тараз, Баласагун, Сырдарья-Каратауской Долиной, а также городскими центрами Сарайшык с территории Устюрта и Западного Казахстана, излагается научное обоснование караванных путей Шелкового пути через Казахстан. При написании научного обоснования использовались подходы ландшафтного и пространственного анализа. Геоисторическими границами статьи, начиная с города Баласагун с юго-восточной стороны, является город Сарайшык в западном регионе. Эти два памятника послужили основой для статьи по двум причинам : 1) служат важным транзитным постом вдоль Великого Шелкового пути; 2) связаны с расположением казахстанских караванных дорог на стыке девяти дорог. Эти проблемы распространяются и классифицируются в разделе результатов статьи. В группировке материальной базы статьи отечественные исследователи: А. Х. Маргулан, Л. Б. Ерзакович, К. М. Байпаков, С. Жолдасбаев, Т. В. Савельева, М. Елеуов, А. Нуржанов, д. Талеев. Использованы труды Е. Акынбека, А. Тажекеева, в том числе исследования караванных путей Великого Шелкового пути через территорию Казахстана и его маршрутов, истории становления темы караванных дорог в целом, процесса урбанизации средневековых памятников, касающихся средневековых дорог Жетысу, Шу-Таласа, Сырдарья-Каратауского региона, Устюртских холмов, Урала рассматривается. Наряду с этим зарубежные ученые, проводившие научные исследования по теме Великого Шелкового пути: П. Франкоппен, К. Като, На основе работ Э. В. Ртвеладзе были проведены сравнительно-аналитические работы и получены исчерпывающие результаты. В первую очередь, в результате статьи будут представлены научные выводы, касающиеся истории возникновения и развития этих караванных дорог, названных Шу-Талас, Сырдарья-Каратау, Устюрт-Мугалжар, Жайык-Сарайышык, которые соединили между собой средневековые памятники Баласагун и Сарайшык. Сообщается о том, что караваны из городка Баласагун, расположенного вдоль реки Шу, добрались до Каратау вдоль реки Онан и Талас, вдоль реки Онан и Аральского моря, по маршруту Онан Устюрт, вдоль Урала до городка Сарайшык и современной экологической обстановки известных исторических памятников.

Ключевые слова. Баласагун, Сарайшик, Шёлковый путь, перевал, караван, транзит, узел, канал, направление, городская культура.

Caravan routes passing through Balasagun and reaching Saraychik

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the current state of socio-politically prominent urban centers in medieval Kazakhstan, including Balasagun (Aktobe), Isfijab, Yassy, Barshinkent, and Saraishyk. The study examines their environmental contexts, results of archaeological excavations, historical-topographical structures, and distinct developmental features, alongside issues of periodization. Employing established archaeological modeling, the research

methodologically evaluates medieval Balasagun and Saraishyk, providing a holistic view of the caravan routes, itineraries, and socio-economic services that integrated the settlement systems along these paths.

The analytical framework explores the interconnections between the Chu-Talas region (Taraz, Balasagun), the Syr Darya-Karatau valley (Turkestan, Syganak), and the urban hubs of Saraishyk within the Ustyurt and Western Kazakhstan territories. Scientific substantiation of the Silk Road's routes across Kazakhstan is presented through landscape and spatial analysis. Geohistorically, the scope of the study extends from Balasagun in the southeast to Saraishyk in the west. These two sites serve as the primary focus for two reasons: their role as critical transit hubs along the Great Silk Road and their strategic location at the intersection of Kazakhstan's "nine roads."

The findings classify these issues based on a material database that synthesizes the work of prominent domestic researchers, such as A.Kh. Margulan, L.B. Yerzakovich, K.M. Baipakov, S. Zholdasbayev, T.V. Savelyeva, M. Eleuov, A. Nurzhanov, D. Taleev, E. Akynbek, and A. Tazhekeev. Their studies on Silk Road routes, the general evolution of caravan paths, and the urbanization of medieval sites in Zhetysu, Chu-Talas, Syr Darya-Karatau, the Ustyurt hills, and the Ural region are central to the analysis. Furthermore, comparative analytical work incorporates the research of international scholars, including P. Frankopan, K. Kato, and E.V. Rtveladze.

The study concludes with scientific insights into the genesis and evolution of the Chu-Talas, Syr Darya-Karatau, Ustyurt-Mugalzhar, and Zhaiyk-Saraishyk routes, which linked Balasagun and Saraishyk. The article traces the movement of caravans from Balasagun on the Chu River toward Karatau via the Onan and Talas rivers, passing the Aral Sea and Ustyurt, and continuing along the Ural River to Saraishyk. Finally, the paper reports on the contemporary environmental status of these significant historical monuments.

Keywords: Balasagun, Saraychik, Silk Road, pass, caravan, transit, hub, channel, direction, urban culture.

Кіріспе

Ұлы Жібек жолының күрделі транзиттік маңызды бөлігі Қазақстан аумағындағы геотарихи аудандар болып табылады. Себебі еліміздің шығысы, оңтүстігі, батысы арқылы жүрген керуен жолдардың әлемдік тарих сахнасында тарихи құндылығы жоғары. Бұлай деуге негіз болып отырған мемлекетіміздегі әр түрлі ұлт өкілдері. Бұл ұлттардың арғы аталары территориямыздағы ұлыстық бөліністерден қалып қойған. Біршамасы бергі тарихи оқиғалардың салдарынан қалып қойған. Дегенмен бұл ұлттар мен ұлыстардың Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуында өзіндік үлесі бар. Осы бір күрделі тарихи үдерістегі маңызды факторлардың бірі Қазақстанның керуен жолдары тақырыбы. Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан арқылы жүрген ортағасырлық керуен жолдарын оның тармақтарын зерттеу орта ғасырдағы Қазақстан археологиясы үшін аса өзекті мәселе. Өйткені бұл көп жылдардан бері Қазақстан археологиясы ғылымында зерттеу аясынан тыс, кенжелеп қалып келе жатқан тақырып. Археологиялық зерттеулер тек ескерткіштердің жасын, пайда болуы мен даму заңдылықтарымен ғана шектеліп келген. Ал оның басқа қалалар мен байланыс жолын, арақатынынас мәселелері жайлы тақырыптар некен саяқ. Қазіргі күнде ғалымдар үшін Ұлы Жібек жолы және керуен жолдар тақырыбына салмақ түрде қарау кректігін геосаяси жағдайлар көрсетіп отыр. Терриориямыздың тарихын түп-тамырымен танып алуымыз үшін де, орта ғасырлардағы қалалар арасындағы байланыс жолдарына жіті мән бергеніміз дұрыс. Қазақстанның шығысынан батысына қарай жүрген керуен жолдары бойында бірқатар қалалар бой көтерді. Олар: Қойлық, Талхиз, Тараз, Баласағұн, Исфиджаб, Фараб, Яссы, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жент, Жанкент, Сарайшық т.б. Бұл күндері олардың көбісінде кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген (Байпаков, Нұржанов, 1992: 36).

Шу-Талас өңірінің Ұлы Жібек жолы бойындағы негізгі қатынас жүйесі ретіндегі орны және жазба деректердегі Баласағұн (Ақтөбе) қалашығы Сырдария-Қаратау жол бағыты арқылы ортағасырлық Сарайшық қалашығына дейін тарқатыла-тарамдалып жүрген керуен

тізбегі мен оның құрылымдық жүйесі зерттеу тақырыбының негізігі айдарлары болып табылады. Жібек жолының Қазақстан арқылы өткен ірілі-ұсақ керуен жолдарының тарихи әрі географиялық тұрғыда зерттеу аясынан кенжелеп қалуына, мәдени және экономикалық тақырып ретінде өз алдына талданбау себептеріне байланысты қазіргі таңда тарихи-археологиялық мәселелерді шешу жөнінде ғылыми-зерттеудің өзекті бағыттарының бірі болып отыр. Сондықтан бұл жұмыста археологиялық қазба жұмыстарының материалдарымен қатар мәдени-кеңістіктік, геотарихи деректерге салыстырмалы талдау ісі қатар жүргізіледі. Сондай-ақ жазба мұралар, орта ғасыр, жаңа заман ғалымдарының тарих яғни Жібек жолы тақырыбына байлынысты жазып қалдрыған ғылыми еңбектері осы зерттеу мақаламызда жіті талданатын болады.

Қазақстан терриориясы арқылы жүрген керуен жолдарының тармақтары сонау ерте кезекдердегі үйсін, қаңлы, ғұндарың заманынан басталады. Ал біз қарастырған Қазақстанның керуен жолдары Түрік қағанаты яғни ерте ортағасырлар дәурі болып отыр. Орта ғасырларда халықаралық маңызды жолдардың бірі әрі бірегейі Ұлы Жібек жолы болды. Бұл жол Қытайдан бастау алып Үндістан және Азияның орталық бөлігі арқылы Еуропаға Жерорта теңізі аймағымен жеткен. Жібек жолымен 169-дан аса тауар тасмалданғаны жайында жазба деректерде құнды ақпараттар кезедеседі. (Sima, 1993: 143**)**. Ерте орта ғасырларда бұл жолдың бойында құдықтар, сардобалар болды. Ал дамыған орта ғасырларда көпестерге арнайы бекет не керуен тоқтайтын аялдамалар (керуен сарайлар) салынды. Әрине жол болған соң табиғи кедергілер (өзен-су, асу т,б.) болатыны рас. Мұның алдын алу мақсатында көпірлер не өзенді кесетін өткелдер пайда бола бастады. Белгілі қалаларда әр түрлі қолөнер бұйымдарымен қатар, шығыстан және батыстан келген жеміс-жидектер саудаға түсті. Бұл жолдың көптеген бағыттары территориямыз арқылы жүрді. Қарастырып отырған тақырып осы жолбағыттың Баласағұннан шығып Сарайшыққа жеткен керуен жолдары жайлы. Осы тармақ батыс және шығыс мәдениеттерін жақындастырып, стратегиялық даңғыл ретінде қызмет етті. Бұл жол қазақ даласының геотарихи өңірлері арқылы үздіксіз жүріп отырды.

Материалдар және зерттеу әдістері

Жұмыстың негізгі материалдық қоры ретінде Қазақстан аумағы арқылы өткен керуен жолдар және оның бойындағы археологияқ ескерткіштерден кездескен деректер, мұрағат құжаттары сондай-ақ соңғы жылдары жарияланған геотарихи, этноархеологиялық еңбектер, оқулықтар негізгі назарға алынып отыр. Орта ғасырлардан белгілі Тараз, Исфиджаб (Шымкент), Яссы (Түркістан), Сауран, Сығанақ, Асанас, Қышқала (Баршынкент), Жаңақала (Жент), қалашықтарында жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде қол жеткен материалдар кеңінен пайдаланылды.

Ескерткіштердің тарихи-топографиялық орналасу ерекшеліктері анықталып, мерзімделуі, өзара мәдени баланысына қатысты тарихи-мәдени талдау жұмыстары жүргізілді. Орта ғасырлардағы геотабиғи ортаны кеңістіктік-ландшафты талдау әдісі арқылы Қазақстанддық керуен жолдары мен олардың өзара байланысы қарастырылды. Осы арқылы керуен жолдары бойында орналасқан белгілі ескерткіштердің функционалдық қызметі ашып көрсетілді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақстанның ортағасырлық керуен жолдарының зерттелуі бірнеше тарихи кезеңді қамтиды. Алғашқы жүйелі деректер XIX ғасырдағы өлкентанулық бағыттағы жазбаларды айтуға болады. Осы бағыттағы алғашқы жазбалар Ш. Уәлихановтың еңбектерінде көрініс тапты. Ш. Уәлиханов өзінің Қашқария сапары туралы жазбаларында Қазақстан аумағындағы сауда жолдарын сипаттай келе, бұл жолдардың тек экономикалық емес, саяси-стратегиялық маңызын атап айрықша атап өтеді (Уәлиханов, 1985: 385).

Тікелей мақала тақырыбына қатысты зерттеу ісі XX ғасырдың ортасында жүйелі сипат ала бастады. Қазақстан аумағындағы керуен жолдардың тармақтары мен бағыттары жөнінде

анағұрлым көлемді материалдар қалдырған Ә. Марғұлан болды. Ғалым өз еңбектерінде оңтүстік, орталық Қазақстан арқылы өтетін бірнеше керуен жолдарын зерттей отырып, олардың бойындағы ірі қалалар мен керуен сарайлардың орналасу реті мен заңдылықтарын түсіндіре келіп, Жетісу мен Сырдария аймағындағы қалалар желісінің сауда жолдарын бірегей сабақтастықта қалыптасқанын атап көрсетеді (Марғұлан, 1950: 112-118).

Ә.Х. Марғұланның «Древние караванные пути через Бетпақдала» атты Қазақстанның керуен жолдарына байланысты жарияланған алғашқы мақаларының бірінде Бетпақдала арқылы өткен көне керуен жолдарының бағыттары мен тармақтары жайлы құнды пікірлер айтылған. Автор бұл зерттеуінде Қазақстан аумағындағы Бетпақдала шөлін кесіп өтетін бірне бағыттарды айта отырып, оңтүстік өңірлермен өзара байныс тораптарының болғандығын дәлелдейді. Ғалымның пікірінше, Бетпақдала арқылы жаздың ең ыстық кезеңінде өту қауіпті болғандықтан, керуендер көбіне ерте көктемде немесе күздің аяғында, жауын-шашыннан кейін жүретін болған. Зерттеуде осы өңір арқылы өткен бірнеше маңызды керуен жолдары «Хан жолы», «Қарқаралы жолы», «Уанас жолы», «Жетіқоңыр жолы» және «Сарысу жолының» негізгі бағыттары көрсетіледі. Бұл бағыттар оңтүстік аймақтарды Орталық Қазақстанмен, Ертіс бойымен және Батыс Сібірмен байланыстырып, сауда мен мәдени байланыстардың дамуына ықпал еткен. Сонымен қатар кейбір жолдар Сырдария өңірінен Торғай даласы арқылы Оңтүстік Оралға дейін созылып жатқан маңызды қатынас бағыттары болған (Маргулан, 1949: 68-78).

Л.Б. Ерзаковичтің «Караванные пути юга Казахстана в XIII–XYIII вв.» атты еңбегінде Оңтүстік Қазақстан аумағындағы ортағасырлық керуен жолдары жан-жақты талданған. Автор зерттеу барысында Қазақстан жері арқылы өткен Плано Карпинидің (1246 ж.), Вильгельм Рубруктың (1253 ж.) және Гетумның (1254 ж.) саяхат бағыттарын қарастырып, олардың жүріп өткен жолдарын салыстырмалы түрде зерттейді. Сонымен қатар мақалада XIII–XYIII ғасырлар аралығында Оңтүстік Қазақстан өңірінде қалыптасқан керуен жолдарының бағыттары мен олардың тарихи маңызы сипатталады (Ерзаевич, 1969: 79-85).

К.М. Байпаков Қазақстан мен Орта Азиядағы урбанизация үдерісін керуен жолдармен байланыстыра отырып, қалалар экономикалық-географиялық орталықтар ретінде қалыпстасқанын археологиялық зерттеулер негізінде дәлелдейді (Байпаков, 1986: 45-51).

С. Жолдасбаев Ұлы Жібек жолының Қазақстанның ортғасырлық қалалары мен елді мекендерінде айтарлықтай рөл атқарғанын атап көрсетеді. Ғалымның айтуынша, VI ғасырға дейін қалалар мен бекіністер қалыптасып, халықтың шаруашылық пен мәдени өмірін қамтамасыз еткен. Шығыс аймақтарда бұл қоныстардың дамуы ерекше маңызды болып, олардың құрылымы мен рөлі айқын көрінген.

X–XI ғасырларда қалалар мен қорғандар қарқынды дамып, жаңа құрылымдар пайда болды. Қала-қорғандар жүйесі тұрғындардың әлеуметтік және сауда қатынастарын нығайтып, экономикалық және мәдени байланыстарды күшейтті.

Сонымен қатар, бұл орталықтар ғылыми, мәдени және әскери маңызы бар нысандар ретінде де қызмет атқарған. Археологиялық қазбалар бүгінгі күнге дейін олардың тарихи рөлін, орналасуын және дамуын айқын көрсетіп отыр. Бұл Жібек жолының өңірдегі ықпалын зерттеуде маңызды дерек болып саналады (Жолдасбаев, 2015: 127-130).

М. Елеуов Шу мен Қаратау өңіріндегі керуен жолдарының бағыттарын зеттеп, Түрік жолы, Шу жолы және Қаратаудың сол жағалық, оң жағалық тармақтарын жүйелеп, ғылыми айналымға қосқан (Елеуов, 1999: 205-214).

Д.Талеев Жетісу мен Іле аңғары аумағы арқылы өткен Ұлы Жібек жолының бағыттары талдап, тарихи-мәдени дамуы аясында қалалық және ауылдық қоныстардың орналасуын анықтауға назар аударған. Өңірді кесіп өткен керуен жолдарының үш негізгі тармағын айқындап, осы жолдардың бойында қызмет еткен басты тораптар қалалар мен керуен-сарайлардың орналасуын көрсететін археологиялық картаны құрастырған (Талеев, 2025: 6). Зерттеуші Жібек жолының Испиджаб және Шаш арасындағы керуен жолын жан-жақты талдап, оның бойындағы қалалардың орналасуына көңіл бөлген (Талеев, 2019: 249-255).

А. Нұржанов «Өркениеттер тоғысындағы Жібек жолы» атты мақаласында: «Ұлы Жібек жолы тек сауда қатынастарын қамтамасыз еткен бағыт қана емес, сонымен қатар әртүрлі халықтар мен мәдениеттерді өзара байланыстырып, өркениеттердің дамуына ықпал еткен тарихи жол» екенін жеткізеді (Нуржанов, 2015: 112).


Е. Ақымбектің зерттеуінде ежелгі және орта ғасырлар кезеңінде керуен жолдарының ең күрделі әрі қауіпті бөліктерінің бірі саналатын Қастек және Ырғайты асулары қарастырылады. Автор Тянь-Шань (Тәңіртау) жоталары аумағындағы географиялық жағдайды талдай отырып, Қастек асуының Қастек пен Жетіжол тау жоталарының арасында орналасқанын, ал Ырғайты асуы Жетіжол мен Атжайлау тауларының аралығында жатқанын атап өтеді (Акымбек, 2022: 168).

Ә. Тәжекеев Сығанақ пен Асанас қалашықтарын өзара жалғастырып тұрған керуен жолдарын, сондай-ақ сол бағыт бойында орналасқан ірі қоныстарды жан-жақты сипаттайды. Мақаланың зерттеу аумағы Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі және Сырдария аудандарын қамтыған. Автор зерттеу барысында негізгі дереккөз ретінде Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының бүгінге дейін толық жарияланбаған мұрағаттық материалдарын пайдаланған (Тажекеев және т.б, 2022: 171).

Тақырыпқа тікелей қатысты болмаса да жанама түрде ойтұжырымдар жасауға септігін тигізетін шетелдік авторлардың еңбектерін атауға болады. Солардың бірі Э.В. Ртвеладзе Сырдария арқылы жүріп өткен керуен бағыттарын Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы ретінде қарастырса (Ртвеладзе, 1999: 156), К. Като өңірдегі керуен тармақтарын дала жолдары ретінде сипаттай келе, оның экологиялық артықшылықтарын атап көрсетеді (Kato, 1998: 204).

Аталған ғылыми еңбектер мақала тақырыбын зерттеуде теориялық тұрғыдан бағдар болады. Бұрын жүргізілген зерттеулердегі деректер мен тұжырымдар Баласағұн мен Сарайшық қалаларының арасындағы көне қатынас жолдарының бағытын анықтауға және оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл еңбектер ортағасырлық кезеңдегі керуен жолдарының қалыптасу ерекшеліктерін, олардың табиғи-географиялық ортаға тәуелділігін және аймақтар арасындағы экономикалық байланыстарды түсіндіруге көмектеседі.

Зерттеушілердің еңбектерінде келтірілген мәліметтерді салыстыру мен талдау арқылы әртүрлі бағыттардың өзара байланысы айқындалып, Баласағұн мен Сарайшық арасындағы негізгі жолдардың желісін қалпына келтіруге мол мүмкіндік болып табылады. Осылайша алдыңғы зерттеулерде жинақталған тарихи және археологиялық материалдар қарастырылып отырған мәселені кеңірек түсіндіруге, сондай-ақ керуен жолдарының құрылымы мен олардың өңірлік маңызын анықтауға әдістемелік негіз қалыптастырады (1-сур).



1-сур. *Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағы арқылы өткен тармақтары (Елеуова, Есенов, 2019: 146)*

Талдау

Ортағысырлық Баласағұн қаласынан басталып батыс шекарасында Сарайшыққа дейінгі аралықты қамтиытын керуен жолдарының бағыты бір ғана керун сүрлеуі емес, бірнеше тарихи-мәдени аумақтарды өзара байланыстырып жатқан күрделі жол тораптарының жүйесі. Шу мен Талас өзендерінің аңғары, Қаратау асулары, Сырдарияның бойы, Үстірт жазығы мен Жайық жағалауы арқылы өткен керуен жолдары бір-бірімен жалғасып жатқан тари-мәдени көпір десе болады. Бұл жекелеген аумақтардың табиғи-географиялық ерекшеліктеріне қарай өзіндік сипаты бар және әрқайсысы қалааралық қатынастар жүйесінде өзіндік қызмет атқарып отырған. Зерттеушілер тарапынан байланыстың бұндай сипаты «жаһандық сауда артериялары» ретінде бағаланып, Ұлы Жібек жолының жекелеген тармақтары сол жолдың бойындағы ірі мемелекеттер мен қалалық орталықтардың экономикалық күре тамыры және саяси тұрақтылықтың негізі тетігі ретінде қызмет атқарған (Frankopan, 2015: 142). Осы тұрғыдан алғанда, Баласағұн мен Сарайшық арасындағы керуен жолдарының тек аумақтық қана емес Еуразиялық кеңістіктің ішкі күре жолы ретінде қызмет атқарды деп бағамдауға болады.

Ортағасырлық Баласағұннан басталып Сарайшыққа дейінгі үлкен аумақты қамтитын жолдардың топтамасын бірнеше өтпелі аумақтарға бөліп қарастыруды ұсынып отырмыз.

Солардың алғашқысы Шу алқабындағы өтпелі аумақ. Қазақстан аумағы арқылы өтетін керуен жолдарының шығыс тараптан келетін бірнеше бағыты белгілі (Елеуов, 1998: 27). Олардың негізгісі осы Шу өзенін жағалап жүрген. Біз қарастырып отырған Баласағұн қаласы (қазіргі Ақтөбе қалашығы) осы Шу алқабының орталық бөлігінде орналасқан және ортағасырлық Жетісу өңірінен келетін керуен жолдарының тоғысқан жерінде орналасқан аса маңызды қалалық орталықтардың бірі. Оның орналасқан жері шығысы Шу, батысы Талас өзенінің аңғары және Тәңірі тауының теріскей бөктеріндегі өткелдер мен жазық дала белдеуінің түйісетін оңтайлы жерде орын тепкен. Бұл қаланың транзиттік маңызын айқындаған негізгі факторлардың бірі болды. Мақала мазмұнында керуен жолдарының бастауын осы қаладан алынып отырған себебі де сондықтан. Ортағасырлық Баласағұн (Ақтөбе) қаласы қазіргі Жамбыл облысының Шу ауданы, Ақсу ауыла қарасты аумақта орналасқан. Ескі қаланың орны Ақсу және Қарабалта өзендерінің тоғысқан жеріндегі кең

жазықта орын тепкен. Археологиялық зерттеу нәтижелеріне сүйенсек VI - XIII ғасырлар аралығында өмір сүрген бұл тарихи мекеннің топографиялық құрылымы бірнеше маңызды бөліктерден тұрады. Оның ішінде орталық аймақ (цитадель, шахристан 1 және шахристан 2, шаруашылық бөлігі және оны қоршап жатқан бірнеше ұзын қорғаныс қамалдары бар (Елеуов, 2021: 63). Өңірде ұзақ жылдар ғылыми – зерттеу жұмыстарын атқарған археолог М. Елеуов Шу керуен жолын жан-жақты талдай отырып, Сол жағалық Шу жолының тармақтары Шөміш, Құлан (Луговое) арқылы өтіп, Баласағұнға жеткенін көрсетеді (Елеуов, 1999: 208-210). Бұл бағыт Шу өзенінің сол жағалауындағы тұрақты өткелдердің орына қарай қалыптасқан. Сонымен қатар Ақсу және Соқұлық шатқалдары арқылы өтетін тау бағыттары Баласағұнды Іле Алатауы бөктерімен байланыстыратынын жазады (Елеуов, 2021: 42). Автор Баласағұн қаласы жайлы аңыз-әңгімелерді жинақтай отырып, кереуен жолдарының оң жағылық және сол жағалық бағыттағы нақты тармақтарын атап көрсетеді (Елеуов т.б. 2025)

Жергілікті зерттеушілер Жетісу мен Шу бойындағы ортағасырлық қалалардың орналасу тәртібін сипаттай отырып, олардың экономикалық-географиялық артықшылықтары ретінде ерекшелейді (Байпаков, 1986: 80-82). Баласағұн да осы санаттағы маңызды орталық қалалық орталықтардың болып табылады. Баласағұнның маңыздылығы оның тек жергілікті деңгейде емес, аймақаралық транзитте де жетекші рөл атқарғандығын ерекешелеп көрестуге болады. Археологиялық қаза жұмыстары кезінде ашықлған құрлыс нысандары мен табылған жәдігерлер қалада өндіріс орындарымен қоса импорттық тауарлар (түрлі қыш бұйымдар пен тұрмыстық заттар т.с.с..) Талас пен Сырдария бағыттарына жіберіліп отырғандығын көрсетеді (Шалекенов, 1978: 190). Мұның өзі Баласағұн қаласын шығыс аумақтағы ірі орталық мекен ретінде тануға мүмкіндік береді.

Баласағұн қаласының гүлденуіне оның шаруашылыққа қолайлы экологиялық артықшылықтары үлкен әсер етті. Мұнда шағын өндірістен бастап, қолөнер, сауда және әкімшілік орталықтарға дейін шоғырланды. Біз оны қалау аумағында жүргізілген археологялық қазба барысында ашылған әртүрілі мақсатта салынған құрлыс қалдықтарынан ақ байқай аламыз. Мысалы қала цитадельдің солтүстік шетінде жүргізілген археологиялық қазба барысында екі бөлмелі монша, су құбырының жүйесі және тереңдігі 8 метрге жететін құдықтық қалдықтары ашылған. Құрлыс ерекшелігене қарай ол монша XI - XII ғасырларда тұрғызылған деп болжам жасалған. Цитаделдің солтүстік-батыс бөлігінен 13 бөлмелі салтанатты сарай кешені ашылған. Сарай құрылысы тұрғын-жай, қонақ бөлме мен шаруашылық аумақтарынан тұрады. Қазба кезінде кей бөлмелерден әртүсті ою-өрнекті сылақтардың ізі кездескен. Сарай жобамен XI- XIII ғасырлар аралығында қолданыста болған. Қаланың орталығына іргелес (оңтүстік-батыс қабырғасы бойында) орналасқан екі мұнара да зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қаланың VIII ғасырлар шамасында бекінісі берік қалаға айналғандығын анықтайтын деректер табылған. Сонымен қатар 2009-2015 жалдары қала цитадельінің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан аумағы 26×26 метр болатын сегіз құрылыс үлкен мұнараның орны табылып, ашылды (Елеуов, 2021: 18-26). Дәл осы мұнара құрлысының табылуы Ақтөбе қаласының ортағасырлық Баласағұн қаласа болғандығын нақтылай түсті.

Жоғарыда аталған археологиялық зерттеу нәтижелеріне қарай отырып біз қаланың экономикалық әлеуеті мен оның тұрақтылығын байқай аламыз. Бұл деректер қаланың керуен торабы ретіндегі маңызын да байқатады. Егер бұл қала жол бойында тұрған қатардағы бекеттердің бірі болса, жоғарыра айтылған ауқымды құрлыс орынадры болмаған болар еді. Демек Баласағұн қаласынан алынған археологиялық деректер оның өндірістік және тұрмыстық кешендерінің тұрақты түрде дамуда болғандығын көрсетеді.

Келесі транзиттік тораптың бір бөлігі ретінде Шу, Талас, Қаратау бағытын атауға болады. Баласағұннан батысқа қарай бағыт алған керуен жолдар Талас аңғары арқылы жүрді. Бұл бағыт Мерке мен Құлан арқылы өтіп Таразға жетеді. Тараз VII ғ. бастап халықаралық сауда орталығы ретінде белгілі (Елеуов, 2017: 92). Талас аңғары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арасындағы дәліз қызметін атқарды. Себебі керуендердің өзен аңғары бойымен жүретіндігі заңды құбылыс. Т.В. Савельева Іле Алатауы бөктеріндегі отырықшы мәдениетті

талдай отырып, тауды бөктерлеп жүретін жолдардың VII - XIV ғасырлар аралығында қарқынды түрде жандана бастағандығын атап көрсетеді (Савельева, 1991: 37-39). Бұл белдеулік жолдар да Баласағұннан шыққан бағыттардың Талас арқылы әр қарай жалғасуына үлкен мүмкіндік жасады.

Тараздан әрі жол Қаратау асулары арқылы Испиджабқа (Сайрам), онан әрі Түркістанға (Ясы) бағытталды. Қаратау жотасы табиғи тұрғыдан кедергісі көп жол бағыты болғанымен, табиғи асулар керуен жолдарының белгілі бір бағыттарының қалыптасуына әсер етті. Осы асулар арқылы асып өтіп Жетісу өңірінен шыққан керуендер Сырдария бойына жетті. Бұл тораптың маңызы Баласағұнды Сырдария бойындағы қалалармен тікелей байланыстырды. Осылайша, Шу өңіріндегі керуен ағыны Оңтүстік Қазақстан бағытында жалғасып жатты.

Келесі бір транзитік аумақты Сырдария өзенінің бойындағы қалалар жүйесі құрайды. Яғни Сырдария аңғары ортағасырлық Қазақстан аумағындағы ең қарқынды урбанизацияланған аймақтардың бірі болды. Бұл өңірдегі қалалардың орналасуы өзен аңғарының ыңғайына қарай қалыптасқан. Ә.Х. Марғұлан Сырдария бойындағы қалалардың өзен аңғары бойымен тізбектеле орналасқанын және олардың негізгі қызметі сауда орталықтары ретінде дамығанын атап көрсетеді (Маргулан, 1950: 121). Бұл қалаларға Ясы, Сауран, Сығанақ Баршынкент, Жент т.б. ірі орталықтарды жатқызамыз. Бұл қаллар әр кезеңде Орта Азия мен далалық өңірлер арасындағы негізгі көпір болды. Сондай-ақ Ясы саяси-әкімшілік, Сауран халықаралық сауда-саттықта ерекше рөл атқарса, Сығанақ қорғанысы берік орталықтардың бірі ретінде қызметтер атқарған. Жент, Жанкент қалалары болса Арал маңы бағытындағы стратегиялық орталықтар еді.

Қазақстан аумағындағы керуен жолдарын зертеуге үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі К.М. Байпаков бұл қалалардың тек тұтыгушы аймақ қана емес халықаралық сауда қатынастарына әскер еткен ортылықтар ретінде қызмет атқарғандығын ерекше атап көрсетеді (Байпаков, 1986: 82). Ғалымның Сырдария бойындағы қалалар арасындағы қашықтық керуен қозғалысының тәуліктік мөлшері мен қалыпты өлшемдеріне сәйкес келеді. Яғни бұл қалалар мен шағын бекеттер керуен бағыттарының бойында нақты есеппен, жоспарланған түрде орналасатындығын көрсетеді. Бірінші кезете су ресурстарымен камтылған және қауыпсіздігі қамтамасыз етілген тұрақты қызметтік жүйесінің болғандығын көрсетеді. Осылайша, Сырдария белдеуі Баласағұннан басталған керуен бағытының орталық буыны ретінде қызмет атқарды деуге негіз бар.

Керуен жолдарының бағыты онан әрі Арал, Үстірт, Жайықа жалғасатын далалық аумққа өтеді. Бұл торап Жанкенттен батысқа қарай бағытталып Үстірт жазығы арқылы жалғасады. Үстірт табиғи-климаттық тұрғыдан ауыр да қауіпті жолдардың бірі. Алайда, әр тарихи кезеңдерде бұл өңір тұрақты түрде пайдаланылып отырған. Үстірт арқылы өтетін керуен жолдары құдықтар мен табиғи нысандар басты бағдар ретінде пайдаланылады. Бұл жолдар Сырдария белдеуін Жайық аңғарымен байланыстырды. Үстірт аумағындағы керуен жолдарының жүйесі ең осалбөлігі болғанымен, стратегиялық маңызы өте жоғары болды. Ол әсіресе оңтүстік өңірлерді Түрік қағанты мен Алтын Орда кезеңдері аралығында батыс аймақтармен байланыстырған басты керуен жолының торабы болады. Керуен жолдарының дәл осы тармақтарына қатысты К. Като далалық аумақтар ақрылы жүрген жолдарды «Steppe Route» ретінде сипаттай отырып, олардың шапшаң қозғалып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану арқылы еш кедергісіз жүріп отыратындығын таңдана сипаттайды (Kato, 1998: 204).

Қазақстан аумағының батыс шекарасындағы оратлықтардың бірі Жайық өзенінің бойында орналасқан Сарайшық қаласы. Сарайшық қаласы XIII - XIV ғасырларда Жошы ұрпақтары билеген Алтын Орда мемлекетінің маңызды орталықтарының бірі болды. Ол Орта Азиялықтарды Еділ бойы, Қырым бағыттарын байланыстырды. Сарайшықтың маңыздылығы оның халықаралық сауда кеңістігіне тікелей шығуымен байланысты. Қала аумағында жүргізілген зерттеулерден әртүрлі мәдени дәстүрлердің тоғысқан ортасы болғандығын байқаймыз (Сарайшық бабалар мұрасы, 2015: 18). Бұл оның тек аймақтық қана емес, халықаралық деңгейдегі орталық болғанын көрсетеді.

Осылайша, Баласағұннан басталған керуен жолдарының желісі Сарайшықта жаңа экономикалық кеңістікке қосылды. Яғни аталған жол торабы Қазақстан аумағын халықаралық сауда жүйесіне біріктірген құрылымдық белдеу болды. Бұл транзиттік жүйені кешенді талдау ортағасырлық Қазақстан аумағындағы экономикалық, урбанистік және геосаяси процестерді жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл бағытты тек географиялық қозғалыс бағыты немесе сауда керуендерінің жолы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Ол, әртүрлі табиғи-географиялық белдеулерді, шаруашылық типтерін, этносаяси құрылымдарды және мәдени кеңістіктерді біріктірген көпқабатты тарихи жүйе.

Сөз бөліп отырған бұл керуен тармақтары ұзақ тарихи кезеңде (VI–XIV ғғ.) қызмет атқарғандықтан, оның құрылымы бір мезгілдік құбылыс емес, ұзақ уақыт бойы тарих сынан өткен процесстердің нәтижесі. Сондықтан бұл тақытыпты талдау барысында кеңістіктік, экономикалық және саяси факторлардың өзара ықпалдастығын кешенді түрде қарастыру қажет.

Нәтижелер

Зерттеу барысында ортағасырлық Қазақстан аумағындағы керуен жолдарының жүйесі ғылыми еңбектер мен археологиялық зерттеулер негізінде сараланды. Қол жеткізген нәтижелер келесідей ғылыми қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді.

Бағасағұн мен Сарайшық аралығындағы керуен жолдарының негізгі бағыттары мен тораптары айқындалды. Ш. Уәлиханов, Ә.Марғұлан, К. Байпақов, М. Елеуовтың еңбектерін салыстырмалы түрде талдау нәтижесінде, Қазақстанның оңтүстік және батыс аймақтарын байланыстырған Шу мен Талас өзендерінің аңғары, Қаратау жоталарын басып өткен асулар, Сырдария жағалуы, Арал теңзіңнің атырабы және Үстірт арқылы өтіп Сарайшыққа барған керуен тармақтарын жекелеген аудандарға бөле отырып талдау жасалды. Әрбір аудан географиялық ерекшеліктеріне және тарихи нысандардың орнылысу жағдайынна қарай топтастырылды.

Жалпы алғанда зерттеу нәтижелері керуен жолдарының қалыптасуына табиғи-географиялық факторларға байналысты қалыптасытыны басты ерекшелігі ретінде сипатталды. Сауда жолдары көбіне өзен аңғарлары, тау-шатқалдардың асулары және су көздері (құдықтар) бар аймақтар арқылы өткен. Бұның мысалу ретінде Қараутау асулары немесе Үстірттің шөлді даласындағы керуен бағыттарын айтуға болады. Бұл керуендердің ұзақ қашықтыққа қауіпсіз және қауіпсіз жүріп-тұруына мүмкіндік береді. Сонымен қатар керуен жолдарының бойында керуен-сарайлар мен төрткүл сипатындағы шағын тұрақтар қалыптасқан. Олар керуеншілердің тоқтап дамылдауна, жергілікті тұрығадрмен айырбас, сауда жүргізуіне және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет еткен.

Баласағұн немесе Сарайшық қалаларында жүргізілген археологиялық зерттелерден алынған материалдар мен жазба деректерді талдау нәтижесінде ортағасырлық қалалардың нақы орналасқан жері мен оның керуен жолдары үшін маңызы, сондай-ақ тарихи, стратегиялық маңызы айқындалды.

Сонымен қатар зерттеу барысында керуен жолдарының аймақтық урбанизация процесіне ықпал еткені ерекешлеп атауға болады. Ә.Х. Марғұланның, К.М. Байрақовтың зертеу қорытындыларына сүйене отырып сауда жолдарының бойында орналасқан қалалар уақыт өте келе ірі саяси және экономикалық орталықтарға айналып, аймақтың әлеуметтік тұрғыда дамуына әсер еткендігі нақтылана түсті. Бұл жағдай керуен жолдарының тек сауда жүйесі ғана емес, сонымен бірге мәдени ламасу мен тіпті өркениеттік өзгерістердің маңызды тетігі болғанын айғақтайды.

Қорытынды

Ортағасырларда Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан аумағы арқылы өткен керуен жолдарының жекелеген тармақтарын кешенді түрде зерттеу Қазақстан тарихы үшін маңызын айқындағы бұл мақалада бірншеше ойды түйіндеп көрсетуге болады. Бірінші кезекте ұзақ жылдардан бері Қазақстан аумағындағы археологиялық зерттеулер аясынан тыс

қалғандығын немесе археологиялық зерттеулер тек ескерткіштердің жасын, пайда болуы мен даму заңдылықтарымен ғана шектеліп отырғанды. Сондықтан мақалада негізігі нысан ретінде шатты түрде Баласағұн мен Сарайшық қалалары таңдап алынып, олардың басқа қалалар мен байланыс жолын, арақатынынас мәселелері жайлы мәселелерге кеңінен тоқталдық. Бұл Ұлы Жібек жолы және керуен жолдар тақырыбына жете назар аудара тоырып қазіргі таңдағы геосаяси жағдайларға баға беруге септігін тигізеді. Қазақстанның шығысынан батысына қарай жүрген керуен жолдардың бойында бой көтерген ортағасырлық Тараз, Түркістан, Сығанақ, Сарайшық сынды көптеген қалалардың әлі күнге дейін тарихи-стратегиялық маңызы артпаса кеміген жоқ.

Екіншіден керуен жолдарына қатысты жүргізілген бұл шағын зерттеу Баласағұн мен Сарайшық арасындағы керуен бағыттарының қазіргі Қазақстан аумағындағы ортағасырлық тарихи мәдени үдерістердің қалыптасуына елеулі үлес қосқан маңызды құбылыс екендігін көрсетеді. Мұндай керуен жолының бағыттары тек үстіне жүк артқан керуендердің қозғалысы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл Шу мен Талас сияқты шұрайлы алқапты, Қаратаудай таулы, қыратты, Сырдаря сынды аптап ыстық, Үстірт сияқты шөлейтті келетін әртүрлі табиғи-географиялық белдеулерді қамтитын, осыған сәйкес шаруашылық түрелін, саяси құрылымдарды мен мәдени кеңістіктерді біріктірген тұтас бір жүйе ретінде бағамдауға бағытталған. Сол себепті бұл мақалада керуен жолдарының басты тармақтарын жекелеген аудандарға бөле отырып, оның тарихи мәдени мәнін айқандауға талыпыс жасалды.

Ортағасырлық Баласағұн және Сарайшық арасын жалған керуен жолдарының әр тарихи кезеде ұзақ уақыт бойына үздіксіз қызмет етіп келуі оның геосаяси тұрғыдан маңыздылығын көрсетеді. Түрік қағанаты, Қарахан мемлекеті, Қыпшақ және Алтын Орда кезеңіндегі әртүрлі саяси құрылымдар бұл бағытты кеңінен пайдаланды. Саяси шекаралар өзгергенімен, табиғи-географиялық басымдықтар сақталып, керуен жолдары даму, құлдырау кезеңдерін басынан өткерді. Сондықтан керуен жолдарының аумақтық белдеулерін терең зерттеу арқылы сол өңірдегі мәдени алмасулар мен тарихи дамудың заңдылықтарын айшықтауға қол жеткізетін боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Акымбек Е.Ш. 2022. Жазба деректердегі Қастек және Ырғайты асулары. Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті хабаршы. № 3 (106). Б. 168-182.

Байпаков К.М. 1986. Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алматы. 256 б.

Байпаков К., Нұржанов А. 1992. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы. Қазақстан. 208 б**.**

Байпаков К. М. 2007. Великий Шелковый путь на территории Казахстана. Алматы: Адамар. 496 с.

Елеуов М., 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласының қорғаныс жүйесі: монография. Алматы. Қазақ университеті. 106 б.

Елеуов М. 1998. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI–XII ғ. басы). Алматы. 210 б.

Елеуов М. 1999. Шу–Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендері (VI–XIII ғ. басы). Алматы. 360 б.

Елеуов М. 2017. Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары. Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы: халық. ғыл. конф. матер.Түркістан. Б. 90-102.

Елеуов М., Есенов С. 2019. Қазақстанның оңтүстік өңірі арқылы өткен керуен жолдары. Ұлы Жібек жолы – бейбітшілік, келісім және тұрақтылық жолы. атты І-ші Халықаралық конференциясының материалдары. Түркістан. Тұран баспасы. 334 б.

Елеуов М. 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласы арқылы өткен керуен жолдар. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуұлы Елеуовтың 75 жылдық мерейтойына

арналған «Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан керуен жолдарының урбанизация үдерісіндегі маңызы» атты халықаралық далалық семинар материалдары. Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті. 42 б.

Елеуов М., Молдахмет А.А., Жүсіпназар М.И. 2025. Ортағасырлық Ақтөбе: аңыз бен ақиқат. Turkic Studies Journal. Т. 7. № 2. 44-63 б. DOI: http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-2-44-63

Ерзакович Л.Б. 1969. Караванные пути юга Казахсатна в XIII-XVIII вв. Известия АН Каз ССР. № 2. С. 79-85.

Жолдасбаев С. 2015. Великий Щелковый путь и его историческое значение. Великий Щелковый путь и Казахское ханство на ркбеже тысячелетей. Сборник материалов Международного историко-археологического конференции. Тараз. 278 с.

Маргулан А.Х. 1949. Древние караванные пути через Бетпак дала. Вестник АН КазССР. № 1. С. 68-78

Маргулан А.Х. 1950. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата. 112–121 бб.

Мұқтар, Ә., Ахметова, У., Петров, П., Жұмабаев, Тұраруұлы, А. 2024. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректері, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. Алматы. «Қазақ тілі» баспасы. 368 б.

Нуржанов А. 2015. Великий Шелковый путь – путь цивилизаций. Вестник КазНПУ имени Абая. Серия исторические и социально-политические науки. № 4 (47). С. 112–118.

Ртвеладзе Э.В. 1999. Великий Шелковый путь. Энциклопедический справочник: Древность и Средневековье.Ташкент: Узбекистан миллий энциклопедияси. 280 с.

Савельева Т.В. 1991. Оседлое население предгорий Заилийского Алатау в VI–XIV вв. Алматы. 34-41 сс.

Сарайшық – бабалар мұрасы. 2015. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дерексөздер. Құр. Ж.К. Жұмабаева, М.Қ. Кипиев. Атырау: «Ағатай баспасы». 224 б.

Тәжекеев Ә.Ә., Султанжанов Ж.К., Қарабатырова А.М. 2022. Ортағасырлық Сығанақ пен Асанас қалалары арасындағы керуен жолдары мен ірі қоныстар (жаңа зерттеулер). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. № 1 (104). Б. 171-183.

Талеев Д. 2019. Ұлы Жібек жолының Испиджаб пен Шаш аралығындағы бағыты. Ұлы Жібек жолы – бейбітшілік, келісім және тұрақтылық жолы атты I-ші Халықаралық конференциясының материалдары. Түркістан. Тұран баспасы. 334 б.

Талеев Д. 2025. Ответвления Великого Шёлкового пути на территории Жетысу в X–XIII веках: геоэкономические и культурные аспекты транзитных маршрутов. Мәдени мұра. № 3 (110). С. 6-18. DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.01

Уәлиханов Ш. Ш. 1985. Түркістан өлкесіне саяхат: Таңдамалы шығармалары. Алматы. Жазушы. 432 б.

Шалекенов У.Х. 1978. Қазіргі Ақтөбе, бұрынғы Баласағұн. Вопросы истории социалистического и коммунистического строительства в Казахстане: сб. ст. Алма-Ата. 180-191 с.

Christian D. A. 1998. History of Russia, Central Asia and Mongolia. Vol. 1: Inner Eurasia from Prehistory to the Mongol Empire. Oxford: Blackwell. 498 p.

Frankopan P. 2015. The Silk Roads: A New History of the World. London: Bloomsbury Publishing. 656 p.

Kato K. 1998. The Silk Road and Central Asia. Tokyo: Iwanami Shoten. 240 p.

Sima Q. 1993. Records of the Grand Historian: Han Dynasty II. Sima Qian; trans. by Burton Watson. New York: Columbia University Press. 505 p.

REFERENCES

Akımbek Y.Şh. 2022. Jazba derekterdegi Qastek jäne Irğaytı aswları [Kastek and Irgaity passes in written sources.]. Äl-farabï atındağı Qazaq Ulttıq wnïversïteti xabarşı. № 3 (106). B. 168-182. [in Kazakh].

Baypakov K.M. 1986. Srednevekovaya gorodskaya kul'tura Yuzhnogo Kazakhstana i Semirech'ya (VI – nachalo XIII vv) [Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye (VI – early XIII centuries)]. Alma-Ata: Nauka. 256 p. [in Russian].

Baypakov K., Nurjanov A. 1992. Ulı jibek jolı jäne ortağasırlıq Qazaqstan [The Great Silk Road and Medieval Kazakhstan]. Almaty. Qazaqstan. 208 p. [in Kazakh].

Baypakov K. M. 2007. Velikiy Shelkovyy put' na territorii Kazakhstana [The Great Silk Road on the Territory of Kazakhstan.]. Almaty: Adamar. 496 p. [in Russian].

Eleuov M. 1998. Şhu men Talas öñirleriniñ ortağasırlıq qalaları (VI–XII ğ. bası) [Medieval cities of the Shu and Talas regions (VI–early XII centuries)]. Almatı. 210 p. [in Kazakh].

Eletov M. 1999. Şhu–Talas öñirleriniñ ortağasırlıq qalaları men eldi mekenderi (VI–XIII ğ. bası) [Medieval cities and settlements of the Shu-Talas regions (VI–beginning of the XIII century)]. Almatı. 360 p. [in Kazakh].

Eleuov M. 2017. Sırdarïyanıñ orta ağısı men Qarataudıñ ortağasırlıq keruen joldarı [The middle reaches of the Syr Darya and the medieval caravan routes of Karatau]. Türkistan aymağındağı arxeologïyalıq eskertkişterdiñ sabaqtastığı: xalıq. ğıl. konf. mater.Türkistan. P. 90-102. [in Kazakh].

Eleuov M., Esenov S. 2019. Qazaqstannıñ oñtüstik öñiri arqılı ötken kerwen joldarı [Caravan routes through the southern regions of Kazakhstan]. Ulı Jibek jolı – beybitşilik, kelisim jäne turaqtılıq jolı. attı I-şi Xalıqaralıq konferencïyasınıñ materïaldarı. Türkistan. Turan baspası. 334 p. [in Kazakh].

Elewov M., 2021. Ortağasırlıq Aqtöbe qalasınıñ qorğanıs jüyesi [The defense system of the medieval city of Aktobe]: monografïya. Almaty. Qazaq wnïversïteti. 106 p. [in Kazakh].

Eleuov M. 2021. Ortağasırlıq Aqtöbe qalası arqılı ötken kerwen joldar [Caravan routes through the medieval city of Aktobe]. Tarïx ğılımdarınıñ doktorı, professor Madïyar Elewulı Elewovtıñ 75 jıldıq mereytoyına arnalğan «Ulı Jibek jolı men Qazaqstan kerwen joldarınıñ wrbanïzacïya üderisindegi mañızı» attı xalıqaralıq dalalıq semïnar materïaldarı. Jawaptı red. R.S. Jwmataev. Almatı: Qazaq wnïversïteti. 42 p. [in Kazakh].

Elerov M., Moldaxmet A.A., Jüsipnazar M.Ï. 2025. Ortağasırlıq Aqtöbe: añız ben aqïqat [Medieval Aktobe: between legend and reality]. Turkic Studies Journal. T. 7. № 2. 44-63 p. DOI: http://doi.org/10.32523/2664- 5157-2025-2-44-63. [in Kazakh].

Erzakovič L.B. 1969. Karavannye puti ûga Kazahsatna v XIII-XVIII vv [Caravan routes of the south of Kazakhstan in the 13th-18th centuries]. Izvestiâ AN Kaz SSR. № 2. P. 79-85. [in Russian].

Zholdasbayev S. 2015. Velikiy Shchelkovyy put' i yego istoricheskoye znacheniye [he Great Silk Road and its historical significance]. Velikiy Shchelkovyy put' i Kazakhskoye khanstvo na rkbezhe tysyacheletey. Sbornik materialov Mezhdunorodnogo istoriko-arkheologicheskogo konferentsii. Taraz. 278 p. [in Russian].

Margulan A.Kh. 1949. Drevniye karavannyye puti cherez Betpak dala [Ancient caravan routes through Betpak Dala]. Vestnik AN KazSSR. № 1. P. 68-78

Margulan A.Kh. 1950. Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazakhstana [From the history of cities and the art of construction in ancient Kazakhstan]. Alma-Ata. 112–121 p.

Muqtar, Ä., Axmetova, W., Petrov, P., Jumabaev, Turarulı, A. 2024. Ortağasırlıq Sarayşıq: tarïxï derekteri, arxeologïyası, nwmïzmatïkası, kartografïyası [Medieval Sarayshyk: historical data, archeology, numismatics, cartography]. Ujımdıq monografïya. Almatı. «Qazaq tili» baspası. 368 p.

Nurzhanov A. 2015. Velikiy Shelkovyy put' – put' tsivilizatsiy [The Great Silk Road – the Path of Civilizations]. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya istoricheskiye i sotsial'no-politicheskiye nauki. № 4 (47). P. 112–118.

Rtveladze E.V. 1999. Velikiy Shelkovyy put' [The Great Silk Road]. Entsiklopedicheskiy spravochnik: Drevnost' i Srednevekov'ye.Tashkent: Uzbekistan milliy entsiklopediyasi. 280 p.

Savel'yeva T.V. 1991. Osedloye naseleniye predgoriy Zailiyskogo Alatau v VI–XIV vv [Sources about the history of the town of Sarayshyk]. Almaty. 34–41 pp.

Sarayşıq – babalar murası. 2015. Sarayşıq qalaşığınıñ tarïxı twralı dereksözder [Sources about the history of the town of Sarayshyk]. Qur. J.K. Jumabaeva, M.Q. Kïpïev. Atıraw: «Ağatay baspası». 224 p.

Täjekeev Ä.Ä., Swltanjanov J.K., Qarabatırova A.M. 2022. Ortağasırlıq Sığanaq pen Asanas qalaları arasındağı kerwen joldarı men iri qonıstar (jaña zerttewler) [Caravan routes and large settlements between the medieval cities of Syganak and Asanas (new research)]. Äl-Farabï atındağı Qazaq ulttıq wnïversïtetiniñ xabarşısı. № 1 (104). P. 171-183.

Taleev D. 2019. Ulı Jibek jolınıñ İspïdjab pen Şaş aralığındağı bağıtı [The route of the Great Silk Road between Ispidzhab and Shash]. Ulı Jibek jolı – beybitşilik, kelisim jäne turaqtılıq jolı attı I-şi Xalıqaralıq konferencïyasınıñ materïaldarı. Türkistan. Turan baspası. 334 p.

Taleyev D. 2025. Otvetvleniya Velikogo Sholkovogo puti na territorii Zhetysu v X–XIII vekakh: geoekonomicheskiye i kul'turnyye aspekty tranzitnykh marshrutov [Branches of the Great Silk Road in the territory of Zhetysu in the 10th–13th centuries: geoeconomic and cultural aspects of transit routes]. Madeni mūra. № 3 (110). P. 6-18. DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v23.i3.01

Wälïxanov Şh. Şh. 1985. Türkistan ölkesine sayaxat: Tañdamalı şığarmaları [Travel to the Turkestan region: Selected works]. Almatı. Jazwşı. 432 p.

Shalekenov U.Kh. 1978. Kazírgí Aktöbe, būrynġy Balasaġūn [Modern Aktobe, former Balasagun]. Voprosy istorii sotsialisticheskogo i kommunisticheskogo stroitel'stva v Kazakhstane: sb. st. Alma-Ata. 180-191 p.

Christian D. A. 1998. History of Russia, Central Asia and Mongolia. Vol. 1: Inner Eurasia from Prehistory to the Mongol Empire. Oxford: Blackwell. 498 p.

Frankopan P. 2015. The Silk Roads: A New History of the World. London: Bloomsbury Publishing. 656 p.

Kato K. 1998. The Silk Road and Central Asia. Tokyo: Iwanami Shoten. 240 p.

Sima Q. 1993. Records of the Grand Historian: Han Dynasty II. Sima Qian; trans. by Burton Watson. New York: Columbia University Press. 505 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Елеуов Мадияр *- тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғ., 71, Алматы, Қазақстан Республикасы.*

Есен Сырым Ғадылбекұлы *- PhD, аға оқытушы, Астана Халықаралық университеті, Қабанбай батыр даңғ., 8, Астана, Қазақстан Республикасы.*

Молдахмет Архад Айтжанұлы *- PhD, оқытушы, Астана Халықаралық университеті, Қабанбай батыр даңғ., 8, Астана, Қазақстан Республикасы.*

Серхан Шынар *- PhD, Түрік тарихы мен мәдениеті қорының (TÜRKTAV) кеңесшісі, Стамбул, Түркия*

***Information about authors*:**

Eleuov Madiyar *- Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Avenue, 71, Almaty, Republic of Kazakhstan.*

Yessen Syrym Gadylbekuly *- PhD, Senior Lecturer, Astana International University, Kabanbay Batyr Avenue, 8, Astana, Republic of Kazakhstan.*

Moldakhmet Arkhad Aitzhanuly *- PhD Senior lecturer, Astana International university, 8 Kabanbay batyr avenue, Astana, Republic of Kazakhstan.*

Serhan Cinar *- PhD, Consultant of the Turkish History and Culture Foundation (TÜRKTAV), Istanbul, Turkey*

Сведения об авторах:

Елеуов Мадияр *- доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект аль-Фараби, 71, Алматы, Республика Казахстан.*

Есен Сырым Ғадылбекулы *- PhD, старший преподаватель, Астанинский международный университет, проспект Кабанбай батыра, 8, Астана, Республика Казахстан.*

Молдахмет Архад Айтжанович *- PhD, старший преподаватель, Международный университет Астаны, проспект Кабанбай батыра, 8, Астана, Республика Казахстан.*

Серхан Чинар *- PhD, консультант Фонда турецкой истории и культуры (TÜRKTAV), Стамбул, Турция*